

## Облыстық коммуналдық мүлікті иеліктен айыру түрлерін таңдау жөніндегі критерийлерді айқындау туралы

### *Күшін жойған*

Павлодар облыстық әкімдігінің 2014 жылғы 18 қарашадағы № 344/11 қаулысы. Павлодар облысының Әділет департаментінде 2014 жылғы 22 желтоқсанда № 4219 болып тіркелді. Күші жойылды - Павлодар облыстық әкімдігінің 2016 жылғы 7 сәуірдегі № 125/3 қаулысымен

**Ескерту. Күші жойылды - Павлодар облыстық әкімдігінің 07.04.2016 № 125/3 қаулысымен .**

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы “Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы” Заңының 27-бабы 1-тармағының 2)-тармақшасына, Қазақстан Республикасының 2011 жылғы 1 наурыздағы “Мемлекеттік мүлік туралы” Заңының 17-бабына, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2014 жылғы 31 наурыздағы “Жекешелендірудің кейбір мәселелері туралы” № 280 қаулысымен бекітілген Жекешелендірудің 2014 – 2016 жылдарға арналған кешендік жоспарының 3-тармағына сәйкес Павлодар облысының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Облыстық коммуналдық мүлікті иеліктен айыру түрлерін таңдау жөніндегі келесі критерийлер осы қаулының қосымшасына сәйкес белгіленсін.

2. "Павлодар облысының қаржы басқармасы" мемлекеттік мекемесі заңнамамен белгіленген тәртіпте:

осы қаулының аумақтық әділет органында мемлекеттік тіркелуін; осы қаулы аумақтық әділет органында мемлекеттік тіркелгеннен кейін он күнтізбелік күн ішінде бұқаралық ақпарат құралдарында және "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесінде ресми жариялауға жіберілуін қамтамасыз етсін.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау облыс әкімінің орынбасары **Ғ.Қ. Сәдібековке** жүктелсін.

4. Осы қаулы алғаш ресми жарияланған күннен бастап қолданысқа енгізіледі.

Облыс әкімі

Қ. Бозымбаев

Павлодар облысы әкімдігінің  
2014 жылғы "18" қараша  
№ 344/11 қаулысына  
қосымша

## Облыстық коммуналдық мүлікті иеліктен айыру түрлерін таңдау жөніндегі критерийлер

Р/ с №	Е р е к ш е л і к а т а у ы	Оқшаулау түрі
1	Келесі ерекшеліктер болғанда: Объектіге әрі қарай бақылау жүргізуге мемлекет мүддесінің болмауы; барынша мүмкін баға бойынша Объектіні сату және сауда-саттыққа қатысушылардың кең аумағын қ а м т у .	аукцион түрінде сауда-саттық жүргізу
2	Келесі ерекшеліктер бар болғанда: сату шартын белгілеу жолымен белгілі кезеңге мемлекет тарапынан бір уақытта бақылауды сақтай отырып, бюджетке ақшалай қаражатты (Объектіні сату кезінде) алу қажеттілігі (қызмет бағдарын сақтау, кредиторлық берешекті өтеу, еңбекақы төлемі және басқа жағдайлар бойынша берешекті өтеу).	коммерциялық тендер түрінде сауда-саттық жүргізу
3	Келесі ерекшеліктер бар болғанда: сенімгерлік басқарушының, жалға алушының (жалдаушының) кейіннен сатып алу құқығымен сенімгерлік басқару, мүліктік жалдау (жалға алу) келісімінің шарттарын орындауын мемлекет тарапынан бір уақытта бақылауды сақтау қажеттілігі	тікелей мекенжайдан с а т у
4	Келесі ерекшеліктер болғанда: қатысушылардың кең аумағын қамтуға, осы Объектіге бәсекелестік деңгейін арттыруға және барынша мүмкін баға бойынша Объектіні сатуға мүмкіндік беретін Объектіге одан әрі бақылау жүргізуге мемлекет мүддесінің болмауы	қ о р биржасында сауда-саттық жүргізу